

СТУДЕНТТІК ШАҚ

Адам өміріндегі ең керемет кезең студенттік шақ екені даусыз. «Оқушыдан» «студент» мәртебесіне көтерілу әр жас тұлғаның кеудесін қуаныш пен шаттыққа бөлейтін ғажайып сезім. Әйтсе де, 17 жыл бойы отбасымның жанынан бір елі шықпай, еркелеп өскен мен үшін туып өскен ауылымды алыпшаһарға алмастыру оңайға түспеді. Қимай-қимай туған-туыспен қоштасып, алдыма қойған биік мақсаттарыма жету үшін Алматыға жол тарттым. Алғашында қатты қобалжығаным рас. «Алматыға үйрене алар ма екем?», «Мұнда жалғыз өзім қалай күн кешем?», «Мектептегідей жақсы достарды кезіктіре ме екенмін?» осы сынды сан мыңдаған сұрақтардан шақшадай басым шарадай болып, жүрегіме қуаныш пен қорқыныш сезімдері қатар жайғасып Алматыға келгенім, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қарашаңырағына имене қадам басқаным бәрі-бәрі менің өмірімдегі ең ғажайып естеліктер болып қалды.

Алғаш келген күннен-ақ Алматы мені жылы қарсы алды. Биік тауларын, табиғатын өз ауылыма ұқсатып, ауылымдағыдай өзімді еркін сезіндім. Ал менің оқу орным... айтарға сөзім жетпейді! Бір көргеннен-ақ Қазақстандағы ең керемет жоғары оқу орнына түскенімді ұққандай болдым. 85 жылдық тарихы бар, талай-талай тарландарды тәрбиелеген бұл киелі мекенде оқудың менің мойныма екі есе жауапкершілік жүктейтінін шын мәнінде сезіндім және өзіме «Міндетті түрде осы университеттің беделді студенті боламын»-деп уәде бердім. Сонымен қатар мұнда Қазақстанның әр аймағынан, тіпті алыс-жақын шет елдерден білім қуып келген жастар өте көп екен. Құрамында 130-дан астам ұлт пен ұлыстарды біріктіріп, ұйытып отырған қазақ еліндегі жоғары оқу орындарының да ұлтаралық татулықты насихаттауы шынымен де керемет емес пе?! Ел дамуына сүбелі үлес қосатын, бәсекеге қабілетті маман даярлауда ұлттық университет бар мүмкіндікті пайдалануда. Сапалы білім беру үшін университет шет ел университеттерінде қолданатын жүйемен жұмыс жасайды. Мұндағы студенттерге барлық жағдай жасалынғанын ҚазҰУ қалашығындағы «Әл-Фараби» атындағы ғылыми кітапханасы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, «Тамақтандыру орталығы» сынды зәулім ғимараттарының орналасуынан анық байқауға болады. «Бәрін айт та, бірін айт» - демекші өзімді осындай керемет оқу орнында оқығаным үшін бақытты сезінемін.

Ендігі мақсат белгілі. Ол- оқуымды «қызылмен» аяқтап, мамандығым бойынша еліме адал қызмет ету, ата-анамның үмітін ақтау! Жас тұлғаларға айтарым, армандыңыздар! Армандар орындалады! Әсем қала Алматыға, біздің университетке келіңіздер!



Саяжан ЖАҚИЯ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенті.



АУЫЛЫМ - ҚАРАБҰЛАҚ


Жаным менің, жырым менің, ауылым,
Бөріне де жетегіндей бауырың.
Кіндік қаным тамған жерім, -бұл менің,
Қарабұлақ-менің туған ауылым.

Шаттанамын, қуанамын, мақтанам,
Ауылымнан жайлы жерді таппағам.
Өзінді мен өзге жанға қимаймын,
Бір өзіңе жетпейді-ау, бар ғалам!

Тек жеңіспен оралатын, қарымды,
Жанып түсер жастары көп жалынды.
Өзгелерден өнерде де алдында,
Шет елден де біздің жастар табылды.

Жастарымыз озық болсын, тек алда!
Жақсы істер серік болсын, жанында.
Қарабұлақ, ойымдасың сен әркез,
Жыр жазамын, күш қуатым барында.

Камила ТҰРАШБЕКОВА,
Д.Қонаева атындағы №25
колледждің 2-ті курс студенті.



**«ОҢТҮСТІКТЕ БІР ҚЫЗ БАР - ГҮЛСІМ АТТЫ»
міне, сол қыз өмірден өтті...**